

Personal Audio System

Басқару нұсқаулары



©2013 Sony Corporation Printed in China


ZS-RS70BT

<http://www.sony.net/>



Қуат көздері

АТ қуат сымын **A** жалғаңыз немесе батарея бөліміне **B** алты R14 (C өлшеміндегі) батареясын (бірге берілмейді) салыңыз.



Ескертпелер

- Батареяларды OPR/BATT индикаторы **19** сөнген кезде немесе құрылғы жұмыс істемеген кезде ауыстырыңыз. Батареялардың барлығын жаңасына ауыстырыңыз. Батареяларды ауыстырудың алдында қандай да бір CD дискісін және USB құрылғыларын немесе қосымша құрамдастарды алыңыз.
- Құрылғыны батареялармен пайдалану үшін АТ қуат сымын құрылғыдан және розеткадан ажыратыңыз.

Қуатты басқару функциясын пайдалану

Бұл құрылғы автоматты күту режимі функциясымен жабдықталған. Бұл функция арқылы құрылғы 15 минут бойы ешбір әрекет орындалмаса немесе дыбыстық сигнал шығарылмаса автоматты түрде күту күйіне ауысады.

Күту күйін қосу немесе өшіру үшін **13** түймесін басып тұрып, DISPLAY **16** түймесін басыңыз. Түймелер басылған сайын дисплейде «AUTO STANDBY ON» немесе «AUTO STANDBY OFF» жазуы пайда болады.

Ескертпелер

- Күту күйіне ауысудың алдында дисплейде көрсетіліп жатқан мазмұн шамамен 2 минут жыпылықтай бастайды.
- АТ қуат сымы жалғанып, күту режимінде болған кезде дисплейде «STANDBY» жазуы пайда болады.
- Автоматты күту күйі функциясы FM/AM функциясымен бірге қолжетімсіз.

Өрт немесе электрлік шок қатерін төмендету үшін бұл аппаратты жаңбырлы немесе дымқыл жерлерде іске қоспаңыз.

Өрт немесе электрлік шок қатерін төмендету үшін аппаратты су тамшылайтын немесе шашырайтын жерлерде пайдаланбаңыз және аппараттың үстіне вазалар тәрізді сұйықтыққа толы заттарды қоймаңыз.

Негізгі айыр құрылғыны желілік розеткадан ажырату үшін қолданылатындықтан, құрылғыны оңай қолжетімді болатын АТ розеткасына жалғаңыз. Құрылғыдан дұрыс емес жағдайды байқаған болсаңыз, негізгі айырды АТ розеткасынан дереу ажыратыңыз.

Құрылғы өшірулі болса да, ол қабырға розеткасына жалғанып тұрғандықтан, АТ қуат көзінен (желілік розетка) ажыратылмайды.

Құрылғыны кітап сәресі немесе кіріктіріме шкаф тәрізді жабық аймақтарда орнатпаңыз.


Құлаққаптардан шығатын дыбыс аса қатты болса, ол есту қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін.

Батареяларды ұзақ уақыт бойына (батареялар блогі немесе орнатылған батареялар) күннің астында, оттың жанында және ыстық жерлерде пайдаланбаңыз.

Аты бар тақта төменгі сыртқы бөлігінде орналасқан.

Тұтынушыларға ескертпе: келесі ақпарат ЕО директивалары қолданылатын елдерде сатылған жабдықтарға ғана қатысты

Бұл өнім Sony Corporation, 1-7-1 Konan Minato-ku Токуо, 108-0075 Жапония тарапынан немесе оның атынан өндірілген. Еуропалық Одақ заңнамасы негізіндегі өнімнің сәйкестілігіне байланысты талаптар Sony Deutschland GmbH, Hedelfinger Strasse 61, 70327 Stuttgart, Германия мекенжайы бойынша сенім берілген өкілге бағытталуы қажет. Кез келген қызмет көрсету немесе кепілдік мәселесі жөнінде бөлек қызмет көрсету немесе кепілдік құжаттарында берілген мекенжайлар бойынша хабарласыңыз.



Қызмет мерзімі біткен электр және электрондық жабдықты залалсыз жою (бағыттама қалдықтарды бөлек жинау жүйелері жұмыс істейтін Еуроодақ және басқа еуропа елдерінде қолданылады)

Құрылғыдағы немесе оның орамындағы бұл белгі бұл құрылғыны басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге залалсыз жоюға болмайтынын білдіреді.

Europe Only



Пайдаланылған қоректену элементтерін залалсыз жою (қалдықтарды бөлек жинау жүйелері жұмыс істейтін Еуроодақ елдерінде және басқа еуропа елдерінде қолданылады)

Өндірілген күні

Өндірілген күні картон қораптың штрих-код белгісінде келесідей түрде көрсетілген: 01-2013, мұндағы 01 - айы, 2013 - өндіру жылы; ал құрылғының аты тақтасында келесі түрде: 01.2013, мұндағы 01 - айы, 2013 - өндіру жылы.



Жеке дыбыс жүйесі

Өндіруші: Сони Корпорейшн 1-7-1, Конан, Минато-ку, 108-0075 Токио, Жапония

Қытайда жасалған

Кеден одағы жеріндегі шетелден әкелуші
“Сони Электроникс” ЖАҚ, Ресей, 123103, Мәскеу, Карамышевский өтпе көшесі, 6

Қазақстан Республикасы жерінде тұтынушылардан кінәрат-талаптар қабылдайтын ұйым
Қазақстандағы
“Сони Электроникс”
ЖАҚ Өкілдігі,
050059 Алматы қаласы, Иванилов көшесі, 58 ұй

Лицензия және сауда белгісінің ескертпесі

- MPEG Layer-3 дыбысты кодтау технологиясы және патенттері Fraunhofer IIS және Thomson тарапынан лицензияланған.
- Windows Media - Microsoft корпорациясының АҚШ және/немесе басқа елдердегі тіркелген сауда белгісі немесе сауда белгісі болып табылады.
- Бұл өнімге Microsoft интеллектуалды меншіктік құқықтарына тән технологиялар енген. Бұл технологияны осы өнімнен тыс басқа жерлерде сәйкесінше Microsoft лицензияларынсыз пайдалануға немесе таратуға тыйым салынады.
- Bluetooth сөз белгісі және логотиптері Bluetooth SIG, Inc. меншігі болып табылады және бұл белгілер Sony Corporation тарапынан лицензия негізінде қолданылуда.
- N белгісі Америка Құрама Штаттарындағы және басқа елдердегі NFC Forum, Inc. корпорациясының тіркелген сауда белгісі және сауда белгісі болып табылады.
- Android™ Google Inc. сауда белгісі болып табылады.
- Басқа сауда белгілерінің және сауда аттарының тиісті иегерлері бар. Бұл нұсқаулықта, ™ және ® белгілері көрсетілмеген.

Жеке дыбыс жүйесі CD дискілері, USB құрылғылары не Bluetooth құрылғыларындағы музыка көздерін ойнатуға, FM/AM станцияларын тыңдауға және CD дискілеріндегі музыка көздерін USB құрылғыларына жазуға арналған.

SONY®

Үлгі: ZS-RS70BT
Жеке дыбыс жүйесі
230V ~ 50Hz 16W
9В --- C×6 ӨЛШЕМДІ НЕМЕСЕ OFAN
СӘЙКЕС R14 БАТАРЕЯСЫ

Өндіруші: Сони Корпорейшн 1-7-1, Конан, Минато-ку, 108-0075 Токио, Жапония


Қытайда жасалған

Өндірілген күні

Өндірілген күні картон қораптың штрих-код белгісінде келесідей түрде көрсетілген: 01-2013, мұндағы 01 - айы, 2013 - өндіру жылы; ал құрылғының аты тақтасында келесі түрде: 01.2013, мұндағы 01 - айы, 2013 - өндіру жылы.



Негізгі операциялар



* ►|| 13 және VOLUME + 7 түймелерінің жанасу нүктесі бар.

1
OPERATE түймесі
Құрылғыны қосу немесе өшіру үшін басыңыз.

2
CD түймесі
CD функциясын таңдау үшін басыңыз.

USB-MEMORY SELECT түймесі
– Түймені басыңыз: USB функциясын таңдау үшін басыңыз.

– Түймені басып ұстап тұрыңыз: Ойнату немесе жазып алуға арналған USB құрылғысындағы жадты таңдау үшін қолданыңыз.

BLUETOOTH-PAIRING түймесі
– Түймені басыңыз: BLUETOOTH функциясын таңдау үшін басыңыз.

– Түймені басып ұстап тұрыңыз: Bluetooth құрылғысымен жұптастыру үшін пайдаланыңыз.

RADIO FM/AM-AUTO PRESET түймесі
– Түймені басыңыз: FM/AM функциясын таңдау үшін басыңыз.

– Түймені басып ұстап тұрыңыз: Радиостанцияны алдын ала орнату үшін пайдаланыңыз.

AUDIO IN түймесі
AUDIO IN функциясын таңдау үшін басыңыз.

3
ENTER түймесі
Параметрлерді растау үшін басыңыз.

4
☐ (Қалта) + немесе – түймесі
CD/USB функциясының қалтасын таңдау үшін басыңыз.

TUNE + немесе – түймесі
Қалаған станцияны FM/AM функциясында қосу үшін басыңыз.

5
PUSH OPEN/CLOSE ▲
CD бөлімін ашу немесе жабу үшін басыңыз.

6
ERASE түймесі
USB функциясының USB құрылғысындағы аудио файлдарды немесе қалталарды өшіру үшін пайдаланыңыз.

7
VOLUME + немесе – түймелері
Дыбысын баптау үшін басыңыз.

8
MEGA BASS түймесі
Төменгі дауыс жиілігін күшейту үшін басыңыз.

9
REC CD ► USB түймесі
Дисктегі музыканы жалғанған USB құрылғысына жазу үшін пайдаланыңыз.

10
👂 (құлаққап) ұясы
Құлаққаптарды жалғау үшін пайдаланыңыз.

11
◀◀ немесе ▶▶ / PRESET + немесе – түймелері
– CD/USB функциясының жолшығын/файлын таңдау үшін басыңыз.
– FM/AM функциясының алдын ала орнатылған радиостанциясын таңдау үшін басыңыз.

12
↔ (USB) порты
USB құрылғысын жалғау үшін пайдаланыңыз.

13
►|| / MANUAL PRESET түймесі
– Түймені басыңыз: CD/USB функциясында ойнатылып ойнатуды бастау немесе кідірту үшін басыңыз.

– Түймені басып ұстап тұрыңыз: Ағымда қосылған радиостанцияны алдын ала орнату үшін пайдаланыңыз.

■ түймесі
CD/USB функциясында ойнатуды тоқтату үшін басыңыз.

14
AUDIO IN ұясы
Тасымалы сандық музыка ойнатқышын немесе басқа құрамдасты жалғау үшін пайдаланыңыз.

15
Жарықтандыру
Жарықтандырудың екі мүмкіндігі бар: Функция өзгерістерін көрсету және дыбыс шығысы үшін жарықтандыру әсерлерімен қамтамасыз ету.

16
-LIGHT SYNC •DISPLAY түймесі
– Түймені басыңыз: Дисплейдегі ақпаратты өзгерту үшін басыңыз.

– Түймені басып ұстап тұрыңыз: Жарықты синхрондау функциясын өшіру немесе қосу үшін пайдаланыңыз.

17
MODE түймесі
– CD/USB функциясының ойнату режимін таңдау үшін басыңыз.

– FM функциясының FM қабылдау режимін (монофонды немесе стерео) таңдау үшін басыңыз.

18
N белгісі
BLUETOOTH функциясында смартфонды N белгісіне басу арқылы Bluetooth қосылымын орнату үшін пайдаланыңыз.

19
OPR/BATT индикаторы
Қуат пен батарея күйін тексеру үшін пайдаланыңыз. OPR/BATT индикаторы күнгірттенген кезде, батареяларды ауыстырыңыз.

Сипаттамалары

CD ойнатқыш бөлімі

Жүйе
Ықшам дискінің сандық дыбыс жүйесі
Лазерлік диод сипаттары
Шығару ұзақтығы: Үздіксіз
Лазерлік шығыс: 44,6 мВт кем
(Бұл 7 мм оптикалық көтеру блогындағы объективтік линзалар бетінен 200 мм қашықтықта орналасқан өлшем мәні.)
Каналдар саны
2
Жиілік жауабы
20 Гц – 20000 Гц +1/–2 дБ
Детонация және діріл
Төменгі өлшенбелі шек

Bluetooth бөлімі
Байланыс жүйесі
Bluetooth сипаттамасының нұсқасы 3.0
Шығыс
Bluetooth сипаттамасының қуат класы 2
Максималды байланыс ауқымы
Көру аралығы: шамамен 10 м*1
Жиілік ауқымы
2,4 ГГц ауқымды (2,4000 ГГц – 2,4835 ГГц)
Үлгілеу әдісі
FHSS

Қолдау көрсетілетін Bluetooth профильдері*2
A2DP (Үздік аудио үлестіру профилі)
AVRCP*3 (Аудио/Бейнені қашықтан басқару профилі)
Қолдау көрсетілген кодек*4
SBC (ішкі ауқымды кодек)

*1 Нақты ауқым құрылғылар арасындағы кедергілерге, микротолқынды пеш айналасындағы магниттік өрістерге, статикалық электрге, қабылдау сезімталдығына, антенна өнімділігіне, басқару жүйесіне, қолданбаның бағдарламалық жасақтамасына және т.б жағдайлар бойынша әр түрлі болып келеді.

*2 Bluetooth стандартты профильдер құрылғылар арасындағы Bluetooth байланысын қамтамасыз етеді.

*3 Кейбір операциялар құрылғыға байланысты қолжетімсіз болуы мүмкін.

*4 Кодек: Дыбыстық белгіні сығу және түрлендіру пішімі

Радио бөлімі
Жиілік ауқымы
FM: 87,5 МГц – 108 МГц (50 кГц қадам)
AM: 531 кГц – 1602 кГц (9 кГц қадам)
Орташа жиілік
FM: 128 кГц
AM: 45 кГц
Антенналар
FM: Телескоптық антенна
AM: Кіріктіріме феррит білікті антенна

Кіріс
AUDIO IN
Стерео мини ұяшық
↔ (USB) порты
A түрі, максималды ағымдағы 500 мА, USB 2.0 сәйкес келетін толық жылдамдық

Шығыс
👂 (құлаққаптар) стерео мини ұяшық
16 Ω – 32 Ω кедергі құлаққаптарына арналған

Қолдау көрсетілетін аудио пішімдер
Қолдау көрсетілетін бит бойынша тасымалдау жылдамдығы
MP3 (MPEG 1 Audio Layer-3):
32 Кбит/с – 320 Кбит/с, VBR
WMA:
48 Кбит/с – 192 Кбит/с, VBR
Үлгілеу жиіліктері
MP3 (MPEG 1 Audio Layer-3):
32/44,1/48 кГц
WMA:
32/44,1/48 кГц

Жалпы
Үндеткіш
Толық ауқымы, 8 см диаметр, 3,2 Ω, конус түрі (2)
Қуат шығарылымы
2,3 Вт + 2,3 Вт (3,2 Ω, 10% тігінен емес бұрмалау)
Қуат талаптары
230 В АТ, 50 Гц (АТ қуат жабдықтау)
9 В ТТ (6 R14 (С көлемі) батареялар)

Қуатты тұтыну
АТ 16 Вт
Батареяның ұзақ қолданылуы*1, *2
CD ойнату
Шамамен 7,5 сағат
USB құрылғысын ойнату
Шамамен 7 сағат (100 мА жүктеме)
Шамамен 3,5 сағат (500 мА жүктеме)
FM қабылдау
Шамамен 19 сағат
Bluetooth
Шамамен 10 сағат

*1 Sony стандарттарымен өлшенген. Батареяны қолданудың нақты ұзақтығы құрылғының жағдайына және басқару жағдайларына байланысты әр түрлі болады.

*2 Sony сілтілі батареяларын қолданған кезде

Өлшемдер
Шамамен 380 мм × 158 мм × 235 мм (Е/Б/Д) (жобалау бөлімдері)

Салмағы
Шамамен 3,3 кг (батареяларды қосқанда)

Өнімдер картон қорапта қышқылдар мен сілтілер сақталатын жерлерден оқшауланған, қараңғы, құрғақ, таза және жақсы желдетілетін бөлмеде сақталуы керек.

Сақтау температурасы: –20 °С - + 55 °С.
Сақтау ылғалдылығы: 70% және төменірек.
Жұмыс температурасы: 5 °С - 35 °С.
Жұмыс ылғалдылығы: 70% және төменірек.

Берілген қосымша құралдар
АТ қуат сымы (1)
Қорғау парағы (1)

Дизайн мен сипаттамаларын ескертусіз өзгертуге болады.